

**СТУДЕНТТІҢ
АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛСЫЛТЕГІШІ**



Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

Түркістан - 2024



Құрметті Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті!

Сізді Түркі әлемінің және Қазақстан мемлекетінің ішінде ең алғашқы Халықаралық мәртебеге ие болған жоғары оқу орны – Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті атануыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Ахмет Ясауи университеті – түркі әлемі жастарының басын біріктірген ортақ оқу ордасы.

Сіз әлемдік деңгейде сапалы білім аласыз, білім мен ғылым әлеміне қадам басып, біліміңізді ұштап, тұрақты өсуге мүмкіндіктеріңіз ашылады.

Ахмет Ясауи университетін бітірген түлектер тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің түкпір түкпірінде қызмет жасауда. Қазақстанның жарқын болашағы білімді жастардың, сіздің қолыңызда !

***Ізгі ниетпен,
университет президенті Ж.А. Темірбекова***

МАЗМҰНЫ

Университет әкімшілігі	4
Университеттің қысқаша сипаттамасы	5
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің әкімшілігі.....	11
Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері.....	14
Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері.....	15
Факультетте дайындалатын бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша мамандықтардың шифры мен аталуы	16
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті туралы.....	17
2024-2025 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе	20
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық саясаты	21
2024-2025 оқу жылы университетте келісім шарт негізінде білім алушыларға арналған жеңілдіктер мен шегерімдер жүйесі	26
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесі	35
Студенттік өмір	36
ХҚТУ корпустарының орналасу картасы	38

УНИВЕРСИТЕТ ӘКІМШІЛІГІ

Қызметі	Аты-жөні	Қабылдау телефоны
Ректор	Темірбекова Жанар Амангелдіқызы	6-38-48
Ректор өкілі	Нажи Генч	6-36-01
Академиялық мәселелер вице-ректоры	Идрисова Эльмира Қайсарбекқызы	6-35-77
Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры	Ошибаева Айнаш Есімбекқызы	3-63-51
Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры	Мустафа Гиритлиоглу	6-36-36
Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры	Төлегенов Еділ Мейірбекұлы	6-10-67

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ



«Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті туысқан екі халық арасындағы байланысты нығайтып қана қоймайды, ол белді ғылым шаңырақтарының қатарына қосылады».

Н.Ә.Назарбаев
Қазақстан Республикасының
Президенті

«... Ұлы ойшыл бабамыз Қожа Ахмет Ясауиге топырағы бұйырған қасиетті ата қонысымыз – Түркістанда шаңырақ көтерген бұл университет әлемдегі ең озық ғылым мен білім ордаларының біріне айналатынына кәміл сенемін».

Сүлейман Демирел
Түркия Республикасының экс-
Президенті

Бүкіл Түркі дүниесіне киелі жерде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен ашылған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 1991 жылы 6 маусымда Түркістан Мемлекеттік университеті болып құрылды. 1992 жылғы 31 қазанда Анкарада Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында осы оқу орнын «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті етіп қайта құру туралы» келісімге қол қойылды.

Туысқан екі ел қазақ-түрік бауырластығы негізінде құрылған білім ордасы – түркі тілдес мемлекеттер арасында ең алғаш халықаралық мәртебеге ие бірден-бір оқу орны. Мұнда әлемнің 29 түркі жұрағаты тұратын елдерден келген жастар білім алууда.



Университетке алғаш небәрі 332 студент оқуға қабылданған болса, қазіргі таңда 54 бакалавриат, 30 магистратура, 3 резидентура, 5 интернатура және 11 докторантура бағдарламалары бойынша

әлемнің 16 мемлекетінен келген жалпы саны 10 000-ға жуық білімгер күндізгі, сыртқы, ұзақтан оқыту бөлімдерінде білім алады, түркі тілдес елдерден – 1200-ден астам білімгер оқиды. Осы уақытқа дейін халықаралық статусына ие университет мыңдаған бітірушілерге сапалы білім мен өнегелі тәрбие беріп, еліміздің білікті мамандарының көбеюіне үлкен үлес қосты. Бүгінде кең байтақ Отанымыздың кез келген түкпірінен осы оқу орнының ұстаздық, қоғамдық және мемлекеттік қызметті абыроймен атқарып жүрген түлектерін көптеп кездестіруге болады.

Оқу қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Түркияның алдыңғы қатарындағы университеттерімен (Хажеттепе, Гази, Эржиес, Стамбул, т.б.) екі жақты келісімшарт жасалып, осыған сәйкес университет студенттері 1 оқу жылына немесе 1 семестр бойы түрік, ағылшын тілдерінде Түркияда білім алады.

Білім ордасы Қазақстан мен Түркия Республикалары тарапынан құрылған 10 мүшеден тұратын Үкіметаралық Өкілетті Кеңес арқылы басқарылады.



2012 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қызмет шарттары туралы келісімі және 2009 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметінің шарттары туралы келісімге» өзгеріс енгізу туралы хаттама ратификацияланды және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Өкімімен бекітілді.

2012 жылдың 24 мамыр күні Астана қаласында ресми сапары кезінде Түркия Премьер-Министрі Режеп Тайып Ердоган мырза университетіміздің үздік түлектеріне дипломдарын тапсырды.

Университеттің тағы бір ерекшелігі - Қазақстан, Түркия және түркі тектес халықтардың талантты жастарына бір шаңырақ астында заман талабына сай әлемдегі алғашқы қалыптасқан халықаралық қазақ-түрік оқу стандартын түзетіп білім беру. Сонымен қатар, университетте оқитын барлық түркі халықтарының студенттерін қазақ халқына достық және бауырмашылдық өшпес сезімге баулу, әлемдегі шет мемлекеттер мен түркі тектес қауымдастықтардан келген жастарға және оралмандарға тегін білім беру қызметін ұйымдастыру болып табылады.

Университетіміз 2009 жылы TIS халықаралық түрік компаниясынан қайта сертификациялаудан сәтті өтіп, ИСО 9001:2008 халықаралық стандартына сәйкес сапа менеджменті жүйесі сертификатына ие болды.

Университет Болон декларациясына қосылу туралы Меморандумға, Тараз Декларациясына 2007 жылы қол қойды және 2010 жылдың қыркүйек айынан Болон Декларациясының негізі болып табылатын университеттердің Ұлы Хартиясының мүшесі.

Оқу орынымыз 2012 жылы қараша айындағы Мемлекеттік аттестациядан оң баға алды. 2013 жылдың 18-19-20 наурыз күндері Халықаралық институционалды аккредитациядан өтті. Қазіргі таңда мамандандырылған аккредитациядан өтуге 30 мамандық бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасының білім беру сапасын қамсыздандыру жөніндегі тәуелсіз агенттігінің» ұйымдастыруымен ЖОО-ның бакалавриат бағдарламалары бойынша рейтингісіне қатысып, университеттің бірқатар бағдарламалары жоғары орындарға ие болды.

Білім беру процесінде қазіргі заманға сай компьютерлік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы ең озық оқу әдістері пайдаланылуда. On-line режимде лекция оқуға арналған видеоконференцзалда Түркия Республикасының Анкара, Стамбул университеттерінің оқытушы-профессорлары on-line режимде дәрістер оқиды. Оқу орны зертханалық құрал-жабдықтар орналасқан заманауи мамандандырылған зертханаларды, оқу кабинеттерін, оқу процесін жеделдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін макеттерді оқу үрдісінде қолданады.

Материалдық базасы жағынан университетіміз Қазақстандағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірінен саналады. Барлық оқу жүйесі және ғылыми зертханалары жаңа техникалармен, дербес компьютерлермен жабдықталған. Барлық оқу ғимараттары талшықты-оптикалық байланыс желісімен бірыңғай локальдық желіге біріктіріліп, интернет желісіне қосылған. Университеттің оқу процесінде 72 интерактивті тақта, 61 мультимедия бөлмесі, 27 компьютер бөлмесі, 12 компьютерлік лаборатория және 90 орындық 1 электрондық оқу залы қызмет көрсетуде. 2012-2013 оқу жылында 1805 компьютер пайдалануға берілді. Студенттердің кез келген

уақытта қолдануы мақсатында 5 оқу ғимаратымызда Ақпараттық киосктер орналастырылды.

Университетіміздің ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының жұмыс жасау сапасын арттыру мақсатында Интернет желісінің жылдамдығы **370 МБит/секундқа** көтерілді, барлық оқу ғимараттары талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосылды.

2012-2013 оқу жылында «Медициналық білім беру орталығы» құрылды. Мұндай орталық басқа ешбір жоғары оқу орнында болмаған. Жаңа медицина ғимаратында «Объективті құрылымдық клиникалық емтихан қабылдау» орталығы жабдықталды.



Ахмет Ясауи университеті құрамына дайындық, тіл үйрету орталығы (үкіметаралық келісім шартқа сәйкес жыл сайын түркі тілдес елдерден 200 тыңдаушы); 7 факультет, 24 кафедра, 150 орынға арналған медициналық клиникалық орталық, көпсалалы медициналық клиника, медициналық оқу-клиникалық база; Анкарада ұзақтан оқыту факультеті (TURTER), Ахмет Ясауи кәсіби колледжі; арнайы мамандандыру орталығы; ғылыми-зерттеу және оқу-зерттеу зертханалары; университет қалашығы (300 га), оның ішіне ботаникалық бақ (100 гектар) кіреді. Кітапхананың жалпы қоры 1 млн.-ға жуық кітапты құрайды.

Академиялық ұтқырлық бөлімі.

Қазіргі таңда студенттеріміз Америка, Европа, Азия университеттеріне барып, білім алып келуде. Оған қоса ОПҚ қызметкерлері де көптеген әлемде болып жатқан ғылыми конференцияларға қатысып, біліктілігін арттыруда. Жыл сайын студенттеріміз Мәулана академиялық ауысу бағдарламасы бойынша Түркия мемлекетінің Гази, Хажеттепе, Муғла, Эрджиес, Ататүрік, Балкесир, Стамбул, Майыс, Йылдырым Беязит, Сакария, Ыстамбул, Реджеп Таиип Ердоған, Эрбакан, Думлупынар, Джумхуриет, Дүздже және Акдениз университеттерінде бір семестр көлемінде білім алуда. Университеттің студенттері мен түлектері ЖОО-ның мәртебесіне және халықаралық келісімшарттарға сәйкес бакалавриатта, магистратурада және докторантурада Түркияның алдыңғы қатардағы университеттерінде өз білімін жалғастыруда.

Ғылыми қызметі. Университетте Экология ғылыми-зерттеу институты, Түркология ғылыми-зерттеу институты, Археология ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Университет ғалымдары Халықаралық Темпус және басқа бағдарламалары бойынша жобаларға қатысып, жетекшілік етуде және ғылым саласындағы гранттар бойынша нәтижелі жұмыстарын жалғастырып жатыр. Студенттердің тұрақты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына барлық жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, студенттердің республикалық ғылыми жобалар конкурстары мен пәндік олимпиадаларында жеңімпаздар мен жүлдегерлер саны жыл сайын артуда.

Мәдени және әлеуметтік сала.

Университетте «Шаңырақ» студенттік клубтар басқармасы жұмыс атқарады. Оның құрамында Халықаралық қазақ-түрік университеті студенттерінің ынтымағын арттыру және достық байланыстағы іс-шараларға қолдау көрсету және студенттердің әр түрлі саладағы қызығушылықтарына қолдау көрсету мақсатында 27 клуб ашылып, жұмыс жасайды. Клубтардың жұмыстарына, қажеттіліктеріне Өкілетті Кеңес тарапынан материалдық және басқа да қолдау көрсетіледі. 29 ұлт пен ұлыстың өкілдерінен құралған «Достық» би композициясы университеттің мақтанышының бірі.

Тәрбие кеңесі, Мәдениет орталығы мен Продюсерлік орталық, Спортклуб, Жастар ұйымы мен Студенттік ректорат және «Шаңырақ» студенттік клубтардың координациялық басқармасы сынды құрылымдар халықаралық, республикалық, облыстық және қала мен университет деңгейінде жүргізілетін қоғамдық-мәдени жұмыстарға студенттердің көптеп тартылуын, салауатты өмір салтына сай спорттық шараларға араласуы мен әртүрлі үйірмелерге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, университет базасында 2005 жылы негізі қаланған Б.Саттарханов атындағы республикалық «НАМЫС» жастар қоғамдық бірлестігі – студент жастарға отаншылдық рухта тәрбие беруге жемісті атсалысуда.



Халықаралық қатынастар бөлімі университеттің халықаралық байланысын кеңейту мақсатында шетел жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу орталықтары, білім беру қорларымен екі жақты және көпжақты байланыс орнату үшін халықаралық саясатын жүргізеді. Қазіргі таңда университетіміздің білім және ғылым саласында 35 шетел

университеттерімен келісім-шарттары бар. Осы ынтымақтастықтың аясында Ұлыбритания, Түркия, Қытай, Мысыр, Ресей, Польша, Өзбекстан елдерінің ғылыми-зерттеу орталықтары, университеттерімен мамандар даярлау, ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және т.б. бағыттарда жұмыстар жүзеге асырылуда. Оқу ордамызда білім алып жатқан жастарға Түркия, Өзбекстан, Мысыр елінен келіп елуге жақын шетелдік оқытушы-профессорлар дәріс береді. Халықаралық ғылым мен білімді жетілдіру мақсатында Европалық елдердің ЖОО-ның құрған Трансеуропалық мобильді ТЕМПУС бағдарламасы аясында жарияланған конкурстық жобаларға университет ғалымдарын қатыстыру жұмыстарын тиянақты жүргізеді. 2012-2013 оқу жылында оқу ордамыздың ғалымдары Темпус IV бағдарламасы бойынша жобаны ұтып алды, жобаның координаторы Мидлсекс университеті (Англия), ал мүшелері Лейпциг университеті (Германия), Валенция университеті (Испания), Кипр университеті (Кипр) және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-



түрік университеті, Әль-Фараби атындағы ҚазҰМУ-і, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау Мемлекеттік университеті.

Халықаралық білім-ғылым ұйымдарына мүшелілігі:

- Университеттердің еуразиялық ассоциациясы (EAU);
- Университеттердің Ұлы хартиясы (Magna Charta Universitatum);
- Қашықтықтан оқытудың ғаламдық университеттер ассоциациясы (GUIDE);
- Университет ректорларының халықаралық ассоциациясы;
- Еуропалық Одақ және АҚШ елдерінің елшіліктері.

Ғылыми басылымдары:

- «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы» кезеңдік ғылыми журналы;
- «Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар»
- «Жаратылыстану ғылымдары» серияларында;
- «Түркология» Халықаралық ғылыми журналы;
- «Jelmaya» (Анкара) Халықаралық ғылыми журналы;
- «Ayhaber» (Анкара) Халықаралық ғылыми журналы.
- «Bilig» (Анкара) Халықаралық ғылыми журналы;



Жұмысқа орналастыру. Университетте «Бітірушілерді жұмыспен қамту және маркетинг» бөлімі – студенттерге және түлектерге табысты мансап құруға, кәсіби өсуіне және дамуына ақпараттық-кеңес көмегін көрсететін құрылым. Бітірушілерді жұмыспен қамту және маркетинг бөлімінің міндеті - еңбек нарығындағы бос жұмыс орындарын анықтап, университет бітіруші түлектерін жұмысқа орналастыру механизмін қарастырады. Бітірушілердің жұмысқа орналасуына ықпал ету, кәсіби дамуы мен мансаптық (карьералық) өсуіне көмек көрсету, бағыт беру, бақылап отыру қызметтерін атқарады. Университет студенттерін түрлі компаниялардың мақсатымен, қызмет түрлерімен таныстыру және жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін білу үшін талдау жұмыстарын жүргізіп отырады. ҚР БЖҒМ, ДСМ, Облыстық білім, Денсаулық сақтау басқармаларымен қатар, басқа да ЖОО-мен тығыз байланыс орнатып, бітірушілерді жұмысқа орналастырудың алдын ала шараларын ұйымдастырады. Студенттердің түрлі мекеме, компаниялардың вакансиялары бойынша карьералық өсу мүмкіндіктері туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді. Жұмысқа орналасуда студенттер мен бітірушілерге психологиялық кеңестер береді. Мамандық шығарушы кафедралармен жұмыс жүргізе отырып, студенттерді мамандыққа сәйкес түрлі мекемелер мен кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу институттарында, мектептер мен денсаулық сақтау мекемелерінде дипломалды, өндірістік тәжірибелерден өткізуді ұйымдастырып, келісім шарт түзу жұмыстары жүргізіледі.

ФАКУЛЬТЕТ ӘКІМШІЛІГІ

	ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ Куралбаева Алия Ахметкаримовна PhD, доцент Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, кабинет №254 +7(725) 336-3636 (1097) aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz
	Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі декан орынбасары Хазретәліқызы Райгүл PhD, аға оқытушы Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, кабинет №254 +7(725) 336-3636 (1032) raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz
	Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Кабекеева Қымбат Қалиқызы PhD, аға оқытушы Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, кабинет №254 +7(725) 336-3636 (1032) kymbat.kabekeyeva@ayu.edu.kz

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6B03279 - Сандық медиа және телерадиожурналистика

Заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие, инновациялық журналистік тәжірибеге ие, медиа үшін мультимедиялық контент жасай алатын, ақпаратты жинау, өңдеу және берудің сандық мобильді технологияларымен жұмыс істеу дағдысы бар цифрлық медиа саласындағы журналистерді даярлау.

Білім беру бағдарламасы жоғары білікті, цифрлық мобильді технологиялармен жұмыс істеу дағдысы бар, қазіргі заманғы цифрлық дәуірде еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бакалавр-журналистерді даярлау принципіне негізделген. Бағдарлама білім беру үдерісін жүзеге асырудың мақсаттарын, нәтижелерін, шарттары мен технологияларын, осы саладағы жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық сапасын бағалауды реттейді. Даярлаудың осы бағыты бойынша студенттерді оқыту сапасын қамтамасыз ететін материалдарды және тиісті білім беру технологияларын енгізеді. Білім беру бағдарламасы әртүрлі кәсіптік құзыреттерді қалыптастыру үшін пәндердің ғылыми және практикалық міндеттерін шешуге бағытталған траекториясын таңдаудың алуан түрімен ерекшеленеді. Бағдарламадағы пәндер еңбек нарығына қажетті негізгі кәсіптік құзыреттерді қамтиды.

6B03239 - Журналистика

Медианарық талаптарын ескере отырып, қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеу үшін журналистика саласында жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы жоғары білікті бәсекеге қабілетті журналист-бакалаврларды даярлау принципіне негізделген. Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін жүзеге асырудың мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, осы саладағы жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық сапасын бағалауды реттейді және студенттерді оқыту сапасын қамтамасыз ететін материалдарды және тиісті білім беру технологияларын енгізеді. Білім беру бағдарламасы әртүрлі кәсіптік құзыреттерді қалыптастыру үшін пәндердің ғылыми және практикалық міндеттерін шешуге бағытталған траекториясын таңдаудың алуан түрімен ерекшеленеді. Білім беру бағдарламасының пәндері еңбек нарығына қажетті негізгі кәсіптік құзыреттерді қамтиды.

6B01202 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Мектепке дейінгі мекемелерде оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асыратын, бала тәрбиесінде отбасына педагогикалық-психологиялық қолдау көрсететін, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында ұйымдастырылған іс-әрекеттердің мазмұны, әдістері мен құралдары және нәтижелері туралы ақпараттарды өңдеу мен қолдана алатын түлектерді даярлау.

Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметке қажет іргелі, кәсіби және пәндік білімі, дағдысы және құзыреттіліктері, жалпы адами және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтары қалыптасқан маман даярлау мақсатында, Дублин дескрипторының талаптарына сәйкес жалпы білім беру, кәсіби–педагогикалық және мамандандыру пәндерін оқыту мазмұнын анықтайды. Білім траекториясын таңдауды жүзеге асырумен еңбек нарығына қажетті негізгі кәсіптік құзыреттерді анықтайды, оқыту мазмұнын жүзеге асырудың ЖОО шарттары мен технологиясын және оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалауды белгілейді.

6B01303 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Бастауыш оқыту мен тәрбиелеуде ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жүзеге асыратын бастауыш оқытудың теориясы мен әдістемесі саласында оқытудың мазмұны, әдістері мен құралдары, нәтижелері туралы ақпаратты өңдей алатын түлектерді даярлау.

Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерді, оқыту мазмұнын және оны жүзеге асырудың шарттарын, оқыту технологияларын, дайындық бағыты бойынша бітірушінің даярлық сапасын бағалауды регламенттейді.

6B01101 - Педагогика және психология

Еңбек нарығында сұранысқа ие, оқытушылық және психологиялық-педагогикалық кәсіби қызметті жүзеге асыруда бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, білім бакалаврын даярлау.

Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметке қажет іргелі білім, дағды және құзіреттіліктері; экологиялық, этикалық, құқықтық және ойлау мәдениеті; педагогикалық және психологиялық білімі мен білігі; жалпы адами және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтары қалыптасқан, Қазақстан Республикасының рухани жаңғыруын жеделдету және педагогикалық және психологиялық ресурстарды қолдану арқылы білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттарын арттыру мақсатында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының ғылыми және практикалық міндеттерін шешуге бағытталған жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау принципіне негізделген. Білім беру бағдарламасының пәндері еңбек нарығына қажетті негізгі кәсіптік құзыреттерді қалыптастырады.

6B01121 - Психология (IP)

Болашақ мұғалімдердің оқу туралы негізгі білімі мен түсінігі бар және оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін ескере алады, сонымен қатар олардың өмірлік және оқу контекстін ескере отырып, олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдауға қабілетті.

Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының әртүрлі типтеріндегі оқу және көшбасшылық процестерін педагогикалық мағыналы түрде жобалауға, жүзеге асыруға, бағалауға және дамытуға, соның ішінде тәрбиешінің

оқытуды қолдайтын әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие.

6B01615 - Тарих

Іргелі және қолданбалы теориялық білімді, зерттеушілік дағдыны меңгерген, кәсіби-практикалық қызметті жүзеге асыратын, бәсекеге қабілетті тарих мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін жүзеге асырудың мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, осы саладағы түлектердің дайындық сапасын бағалауды реттейді және білім алушыларға арналған оқыту сапасын қамтамасыз ететін материалдарды және тиісті білім беру технологияларын енгізуді қамтиды.

6B02231 – Тарих

Отан және дүниежүзі тарихы кезеңдерінің даму ерекшеліктері, тарихи үдерістері, құбылыстары мен оқиғалары туралы іргелі білімдерін меңгереді .

Гуманитарлық салада инновациялық технологияларды қолдана отырып, тарих ғылымдарының теориялық-методологиялық зерттеу әдістер кешенін меңгереді.

6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP)

«Тарих және қоғамтану» БББ – студенттердің сыни тарихи ойлауы мен санасын қалыптастыруға бағытталған пәндердің симбиозын қамтитын, жаңа біріктірілген бағдарлама. «Тарих және қоғамтану» білім беру бағдарламасы (БББ) – білім беру ұйымдарында (мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары) тарих және қоғамтану мұғалімі ретінде мамандық алғысы келетін білім алушыларды даярлауға арналған педагогикалық білім беру бағдарламасы.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білімі :

Педагогика және дидактика саласындағы құзыреттіліктер

1. Болашақ мұғалімдердің оқу туралы негізгі білімі мен түсінігі бар және оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін ескере алады, сонымен қатар олардың өмірлік және оқу контекстін ескере отырып, олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдауға қабілетті.

2. Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының әртүрлі типтеріндегі оқу және көшбасшылық процестерін педагогикалық мағыналы түрде жобалауға, жүзеге асыруға, бағалауға және дамытуға, соның ішінде тәрбиешінің оқытуды қолдайтын әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие.

- Өзара іс-әрекетке қатысты құзыреттіліктер аясы

3. Болашақ мұғалімдер әртүрлі интерактивті көп мәдениетті қарым-қатынастар мен қоғамдарда, осы қызмет түрінің алдында қойылған мақсаттарды ескере отырып, офлайн да, онлайн да сындарлы сөйлесе алады;

4. Болашақ мұғалімдер әртүрлі кәсіби желілік қауымдастықтарда жұмыс істей алады, сондай-ақ сындарлы меншік педагогикалық және қоғамдық қызметке қажетті кәсіби қарым-қатынасты түзе алады.

5. Болашақ мұғалімдер орта білім берудегі үш тілдік білім беру шеңберінде оқыту мүмкіндігіне, сондай-ақ педагогтың жаһандық білім беру қауымдастығына қатысу қабілетіне ие.

- Педагогтардың жұмыс ортасына қатысты құзыреттіліктер аясы

6. Болашақ мұғалімдер халықаралық және ұлттық келісімдер және құжаттармен, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымдарымен, мекемелерінің жұмысына және өзінің қызметіне әсер ететін ұлттық білім беру қағидаттарымен, заңнамаларымен және ережелерімен таныс.

7. Болашақ мұғалімдер (а) ұйымының қызметіне байланысты өз қызметін қарастыруға; (ә) өзара және мектептен тыс серіктестер (отбасы, аймақтық субъектілер, еңбек қызметі) арасында оң көзқарас пен көп бейінді серіктестікті құру бағытында парасатты жұмыс істеуге қабілетті.

- Кәсіби дамуға қатысты құзыреттіліктер аясы:

8. Болашақ мұғалімдер ойлауға, сондай-ақ өзінің құндылықтарын, ұстанымдарын, этикалық қағидаттары мен жұмыс істеу әдістерін сыни тұрғыдан бағалауға, сонымен қатар меншік педагогикалық дамуы, ұйымының дамуы мен кәсіби өркендеуі жолында жаңа мақсаттар қоюға қабілетті.

9. Болашақ мұғалімдер аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде күтілетін өзгерістерге байланысты өздерінің педагогтік қызметін, жұмыс істейтін ұйымдарының қызметін дамыту қабілетіне ие.

10. Болашақ мұғалімдер әртүрлі сенімді көздерден және әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен теориялық білімді өндіріп, іздеп, сыни іріктей алады, тәжірибелік біліммен қосылып, олар оның өзінің, оның қауымдастығы ұстанатын теорияларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқытудың алға басуы мен меншік кәсіби өсуі үшін білімді қолдануға қабілетті және дайын.

Факультетте дайындалатын бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша мамандықтардың шифры мен аталуы

Бакалавриат мамандығының шифрі		Бакалавриат мамандығының атауы	Білім беру саласының коды және атауы
1.	6B01101	Педагогика және психология	Педагогикалық ғылымдар
2.	6B01121	Психология (IP)	Педагогикалық ғылымдар
3.	6B01202	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық ғылымдар
4.	6B01222	Мектепке дейінгі білім беру (IP)	Педагогикалық ғылымдар
5.	6B01303	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық ғылымдар
6.	6B01323	Бастауыш білім беру (IP)	Педагогикалық ғылымдар
7.	6B01615	Тарих	Педагогикалық ғылымдар
8.	6B01625	Тарих және қоғамтану (IP)	Педагогикалық ғылымдар
9.	6B02231	Тарих	Өнер және гуманитарлық ғылымдар
10.	6B03279	Сандық медия және телерадиожурналистика	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
11.	6B03239	Журналистика	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
Магистратура мамандығының шифрі		Магистратура мамандығының атауы	Дайындалу бағыты
12.	7M01101	Педагогика және психология	Педагогикалық ғылымдар
13.	7M01202	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Педагогикалық ғылымдар
14.	7M01303	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық ғылымдар
15.	7M02210	Тарих	Өнер және гуманитарлық ғылымдар
PhD докторантура мамандығының шифрі		PhD Докторантура мамандығының атауы	Дайындалу бағыты
16.	8D01101	Педагогика және психология	Педагогикалық бағыты
17.	8D01604	Тарих	Педагогикалық бағыты

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті туралы

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті мектепке дейінгі, бастауыш білім беру, педагогика және психология, отандық және дүние жүзілік тарих, журналистика бойынша жоғары білікті мамандар даярлайтын аймақтағы негізгі орталық.. Студенттер үшін мамандық ерекшеліктеріне сәйкес жасақталған интерактивті дәрісханалар, электронды кітапхана, оқу залы, спорт кешені, компьютер кабинеттері жұмыс істейді.

Маман дайындаумен факультеттің 4 (Педагогика және психология, Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы, Тарих, Журналистика) кафедрасының оқытушы-профессорлары айналысады. Мамандарды даярлау үш сатылы бакалавриат, магистратура, PhD докторантура жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Оқу үдерісі барысында шет тілдерін меңгеруге, сапалы білім беруге, өзге ұйымдармен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінген. Мамандарды дайындау педагогика, психология, тарих және журналистика бойынша іргелі білім бағдарламаларына негізделген. Факультетте барлығы аккредиттелген 13 Білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінде білім алушыларға білікті оқытушы-профессорлар дәріс жүргізеді. Оның ішінде: 3 ғылым докторы, 26 ғылым кандидаты, 22 PhD доктор, 27 магистр-аға оқытушы бар (Кесте-6).

6-кесте. Факультеттің кадрлық құрамы

№	Кафедралар	Жалпы ОПҚ саны	Ғылыми дәрежелі ОПҚ саны	Магистр, аға оқытушылар	Штат	Ғылыми дәрежелік (%)
1	Мектепке дейінгі және бастауышта білім білім беру	16	П.ғ.к. – 5 PhD – 6	5	15,5	68,75
2	Педагогика және психология	21	П.ғ.д. – 1 П.ғ.к. – 6 PhD – 5	9	22,75	57,1
3	Тарих	26	Т.ғ.д. – 2 Т.ғ.к. – 12 PhD – 7	5	20,75	76,9
4	Журналистика	14	Ф.ғ.к. – 4 PhD – 3	7	10,5	50
	Жалпы	77	50	27	69,5	63,18

Сонымен қатар факультет ОПҚ тарапынан іргелі ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде және өз саласында танымал ғалымдар легі қалыптасқан.

Журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы **Садықов Сейдулла** «Түркі әлемінің үздік педагогы», «Қазақстанның құрметті азаматы», «ЖОО Үздік оқытушысы». С.Садықовтың ғылыми мақалалары АҚШ, Қытай, Нидерланды, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан және Қырғызстан елдерінің басылымдарында жарияланған. «Казахи. Вопросы идентификации и идентичности и печать Казахстана» деген көлемі 26 баспа табақ монографиясы Германияның академиялық баспасында, «Тюркская филология: вопросы языка и литературы» атты қосалқы авторлық халықаралық жинағы Бакуде, «Освещение вопросов национальной идентичности в казахстанской публицистике» деген монографиясы Ташкентте басылған. Скопус базасында жарияланған 11 мақаласы бар. Қазақ журналистикасы: ұлттық бірегейлік мәселелері» атты оқулығы, «Ұлттық рух жаршысы», «Қоғам және журналист» деген монографиялары да әріптестері тарапынан жоғары баға алған. Аталған кафедраның профессоры, филология ғылымдарының кандидаты **Бекжігіт Сердәлі Кенжебекұлы** танымал композитор. Көптеген халықаралық академиялардың мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері. Екі дүркін ЖОО үздік оқытушысы. Скопус базасында жарияланған 15 мақаласы бар, жүзден аса ғылыми мақалалардың авторы. Журналистика кафедрасының жаңа буын жас ғалымы **Ергебеков Молдияр Амангелдіұлы** – PhD, профессор, кинотанушы ғалым, Республикалық «Абай ТВ» телеарнасының «Сана» бағдарламасының және «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Гауһартас» бағдарламаларының жүргізушісі. Кино теориясы, Еуропа киносының тарихы, Әлемдік киноның тарихы, Киносараптама, Эстетика, Этика, Орта Азия киносы, Медиа теориясы т.б. курстарды меңгерген. **Баешова Балзия Шегетайқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Білім және ғылым саласына еңбегі сіңген қызметкер төсбелгісі, «Кентау шұғыласы» газетіне 90 жыл төсбелгісі секілді салалық марапаттарға ие. 60-қа жуық ғылыми мақалалардың, 500-ге жуық публицистикалық мақалалардың авторы, монографиясы мен екі оқу-құралы бар. Екі кітаптың («Жауқазын», «Біздің үн») құрастырушысы, көркем әңгімелері республикалық, аймақтық басылымдарда жарық көрген. **Бельдибекова Алия Ташболатқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Журналистика кафедрасының меңгерушісі. Елуге жуық ғылыми мақалалардың авторы, монографиясы мен оқу құралдары бар. Скопус базасында жарияланған 3 мақалалары бар,

Тарих кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, **Түрсүн Хазретәлі Маханұлы** Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы; Ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасу тарихы; тарих методологиясы; Алаш қозғалысы; тарихи тұлғатану бағыттары бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп жүрген белгілі Алаштанушы ғалым. Скопус деректер базасында тұрақты түрде

мақалалары жарияланады және көптеген PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік жасап, сәтті қорғатып жүрген, құзырлы орган берген құпия қорларда жұмыс істеуге №2 категориядағы рұқсаты бар ғалым. «Тарих» кафедрасының доценті, PhD **Қ.Базарбаевтың** ғылыми зерттеу бағыты Түркі мемлекеттер тарихы, Орта Азия елдерінің тарихы, Түркия Республикасының тарихына арналған. 2014 жылы «Жастүріктер қозғалысы идеяларының Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа ықпалы (XIX ғ. соңы XX ғ. басы)» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғаған соң, ғылыми зерттеулік жұмыстарын жалғастырып келеді. 2014 жылдан бүгінгі күнге дейін ғылыми ізденістер мақсатында Ресей, Түркия, Азербайжан, Өзбекстан мемлекеттерінің архив қорларында ғылыми жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 100 ден астам ғылыми мақалалары, Scopus базасында 13, 1 оқулық, 2 оқу құралы жарық көрген. *h*-индекс 3 ке тең. Зерттеу тақырыбы бойынша алыс шет ел, жақын шетелде ғылыми баяндамалар жасаған. Қ.Базарбаев 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы бойынша «Түркі тілдес мемлекеттердің тарихи-мәдени ықпалдастығын қалыптастырудың саяси, құқықтық тәжірибесі және даму бағыттары» атты жобаның ғылыми жетекшісі. Бүгінгі таңда жоба тақырыбы аясында ғылыми-зерттеулік жұмыстарын сәтті жүргізуде.

Педагогика және психология кафедрасының доценті, PhD **А.Куралбаева** 2014 жылы «Бастауыш сынып пәндерін интеграциялару негізінде білім сапасын арттыру» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, ғылыми зерттеулік жұмыстарын жалғастырып келеді. Ғылыми ізденістер нәтижесінде 100 ден астам ғылыми мақалалары, Scopus базасында 12, 2 оқу құралы, 2 монографиясы жарық көрген. *h*-индекс 2 ке тең. А.Куралбаева ҚР ҒЖББ Ғылым комитетінің Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша 2024-2026 жж. арналған гранттық жобасын жеңіп AP23488203 «Мектеп жасына дейінгі балалардың даму мониторингі және оларға скрининг жасаудың Қазақстандық стандарты» (Казахстанский стандарт мониторинга и скрининга развития детей дошкольного возраста/ Developmental monitoring of preschool children and the Kazakhstanian standard for their screening) атты ғылыми-зерттеу тақырыбымен жұмыс жүргізуде.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінде қазіргі кезде жалпы соммасы **197 437 172,50 млн теңге** құрайтын екі ғылыми жоба орындалуда. Факультетте соңғы 3 жылда осындай ғалымдардың еңбегінің нәтижесінде монографиялар мен оқу құралдарын санамағанда әлемдік рейтингісі жоғары ғылыми журналдарда - 31 мақала, ҚР ҒЖББ Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын басылымдарда - 61 мақала жарық көрді.

Сонымен қатар соңғы үш жылда факультеттің бірнеше оқытушысы халықаралық «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелдік тағылымдамадан өтті және тұрақты түрде «ЖОО үздік оқытушысы» иегерлері атанып келеді.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің І курс студенттері үшін:

	Қызметтүрі	Оқу кезеңі	Апта
Күзгі семестр	Бағыт-бағдар беру /Пөнге тіркелу/Қайтапөнгетіркелу	26–31 тамыз2024 жыл	1 апта
	30-тамыз	ҚР-ның Конституциясы күні	
	Теориялық оқу	02 қыркүйек–14 желтоқсан 2024 жыл	15 апта
	Аралық бақылау (А ₁)	14–19 қазан 2024 жыл	1 апта
	25-қазан	Республика күні	
	Аралық бақылау (А ₂)	9–14 желтоқсан 2024 жыл	1 апта
	16-желтоқсан	Тәуелсіздік күні	
	Аралық аттестаттау	17 желтоқсан 2024 ж.-4 қаңтар 2025ж.	3 апта
	1, 2 - қаңтар	Жаңа жыл	
	Қорытынды бақылаудан (емтихан) «ҒХ» бағасын алған жағдайда қайта тапсыру	06 – 11 қаңтар 2025 жыл	1 апта
	Қысқы каникул	13–26 қаңтар 2025 жыл	2 апта
	Қайта пөнге тіркелу	20–26 қаңтар 2025 жыл	1 апта
Көктемгі семестр	Оқу практикасы	28 қаңтар–08 ақпан 2025 жыл	2 апта
	Теориялық оқу	10 ақпан – 24 мамыр 2025 жыл	15 апта
	Оқу практикасы (мұражайлық) 6В01615-Тарих және қоғамтану ІР-2 кредит Оқу сараманы және оны мектепте оқыту әдістемесі (ботаника-2 кредит, зоология-2 кредит) теориялық оқумен қатар өтіледі		
	8-наурыз	Халықаралық әйелдер күні	
	21, 22, 23 наурыз	Наурыз мейрамы	
	Аралық бақылау (А ₁)	10–15 наурыз 2025 жыл	1 апта
	Пөнге тіркелу	14–19 сәуір 2025 жыл	1 апта
	1-мамыр	Қазақстан халқының бірлігі күні	
	7-мамыр	Отан Қорғаушылар күні	
	9-мамыр	Жеңіс күні	
	Аралық бақылау (А ₂)	19-24 мамыр 2025 жыл	1 апта
	Аралық аттестаттау	26 мамыр – 14 маусым 2025 жыл	3 апта
	Қорытынды бақылаудан (емтихан) «ҒХ» бағасын алған жағдайда қайта тапсыру	02–07 маусым 2025 жыл	
	Демалыс	16 маусым – 31 тамыз 2025 жыл	11 апта
	Жазғы семестр	16 маусым – 26 шілде 2025 жыл	6 апта
	6-шілде	Астана күні	

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Оқытудың кредит технологиясы бойынша төменде келтірілген негізгі түсініктемелер мен анықтамалар қолданылады:

Оқытудың кредиттік технологиясы (Credit Unit System) - білімгердің білімді өз бетімен меңгеруіне, ойлау қабілеттілігінің дамуына, ізденіс қабілеттілігінің қалыптасуына бағытталған білім беру траекториясын таңдау арқылы жүзеге асырылатын, білім көлемін кредит түрінде жинақтайтын білім беру технологиясы.

Кредит (Credit, Credit-hour) – білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшейтін бірыңғай бірлік.

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - бір оқу жылы ішінде демалыс күндері көрсетіліп (қысқы және жазғы каникулдар мен мерекелер) өткізілетін оқу және бақылау жұмыстарының, тәжірибелердің күнтізбесі. Білім алушылар факультетке бағдар беру аптасының басында келуі керек.

Академиялық дәреже (Academic Degree) - мемлекеттік аттестацияның қорытынды нәтижелері бойынша оқу бағдарламасын меңгеруіне қарай университет түлегіне берілетін дәреже.

Академиялық мерзім (Academic Term) – теориялық оқу мерзімі: 15 аптадан тұратын – семестр.

Академиялық сағат (Academic hour) - лекциялық, тәжірибелік сабақтардың 1 контактылық сағатына (50 мин), студиялық сабақтардың 1,5 контактылық сағатына (75 мин), зертханалық және дене шынықтыру сабақтарының 2 контактылық сағатына (100 мин), практиканың кез келген түрінің 5 контактылық сағатына (250 мин) тең.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

Академиялық еркіндік – білім беру үдерісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

Еуропалық трансферт (аударым) және несиелік жинақтау жүйесі (ECTS) білім беру траекториясы, оқу орны және оқыту елі ауысқан жағдайда білім алушылардың игерген оқу пәндерін (кредит пен бағаларын қоса алғанда) салыстыру және қайта сынақтан өткізуде пайдаланылатын білім беру бағдарламалары компоненттеріне сынақ бірліктерін (несие) белгілеу әдісі.

Бакалавриат (Baccalaureate) – «Бакалавр» академиялық дәрежесін беретін жоғары базалық кәсіби білім деңгейі.

Бакалавр, магистр, доктор (bachallor, master, doctor) – жоғары базалық білімдеріне және ЖОО-нан кейінгі кәсіптік білімдеріне сәйкес білім алушыларға берілетін академиялық дәрежелер.

Маман дайындайтын кафедра – өз саласы бойынша маман дайындап шығаратын кафедра.

Ассистент, доцент, профессор (Assistant Professor, Associate Professor, Professor) -ЖОО-дағы оқытушы-профессор құрамының қызметтері.

Таңдау бойынша оқытылатын пән (Elective Courses) - кез келген академиялық мерзімде білім алушының қалауы бойынша таңдалынатын элективті пәндер (элективті пәндер тізімі жұмыс оқу жоспарында беріледі).

Пәндер каталогы – ағымдағы оқу жылында жүргізілетін барлық пәндер туралы керекті ақпараттары бар құжат.

Оқу пәніне тіркеу (курсқа жазылу) (Registration) – алдағы академиялық кезеңге (семестрге) білім алушылардың тіркелу процедурасы.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – нақты білім алушылардың білім алу траекторияларын көрсететін, академиялық кезеңде үлгілік оқу жоспарына сәйкес элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына өз таңдауымен тіркелген оқу пәндерінің және кредиттердің саны көрсетілген студенттің құжаты.

Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) — жоғары кәсіптік білім берудегі бағдарламалық материалды білім алушылардың игеруін көрсететін сандық көрсеткіш.

Білімгерлердің білімін бағалау - рейтингілік бақылау нәтижелеріне байланысты баллдық жүйе бойынша жүгізіледі.

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндігін беретін балл түріндегі білім деңгейін бағалау жүйесі.

Межелік бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда студенттердің білімін кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру.

Аралық бақылау 1 (Midterm Examination 1) - академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылардың білім алу жетістіктерін теориялық оқудың ортасында оқытушының тексеріп бағалауы.

Аралық бақылау 2 (Midterm Examination 2) - академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылардың білім алу жетістіктерін теориялық оқудың соңында оқытушының тексеріп бағалауы.

Емтихан сессиясы - ЖОО-да студенттерді аралық аттестаттау кезеңі.

Қорытынды бақылау (Final Examination) – пәнді толығымен игергеннен кейін академиялық мерзім (семестр, курс) соңында жүргізілетін

бақылаудың түрі. Қорытынды бақылаудағы емтихан ауызша, жазбаша немесе тест түрінде өткізіледі.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттау (Qualification Examination) - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған, білім алушылардың білім берудің лайықты бағдарламасын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін, нәтижесінде мемлекеттік үлгідегі құжат (диплом) берілетін процедура.

Апелляция (Appeal) – білім алушы қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген жағдайда емтихан өткізілген күннің ертеңіне апелляцияға беріп, өзінің білімінің дұрыс немесе дұрыс емес бағаланғандығын анықтау үшін жасалатын шаралар.

Оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – Таңдаған бағдарлама бойынша білімгердің бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің орташа балл – аралық аттестацияның пәндері бойынша балдық бағаның кредиттік және сандық эквиваленттік қатынасы ретінде қабылданады. GPA балл білім алушыны курстан курсқа көшіру үшін өту балы болып табылады. Білім алушыны келесі курсқа көшіруге рұқсат беретін өту балын курстар бөлінісінде ЖОО дербес белгілейді.

Транскрипт (Transcript) – білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар белгіленген нысандағы құжат.

Бағдар беру аптасы – 1 курс білім алушыларына оқытудың кредиттік технологиясының негізгі ережелерін меңгертуге арналған оқу жылының басындағы апта.

Тіркеуші офисі (Office of the Registrar) – білім алушыларды оқытылатын пәндерге жазумен айналысатын, олардың бүкіл оқу мерзіміндегі оқудағы жетістіктерін тіркейтін, білімінің аралық және қорытынды бақылауын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қызмет.

Қайта тіркеу кезеңі (Add/Drop Period) – білім алушының бір курстан бас тартып, екінші курсқа жазылып ЖОЖ-ды өзгерте алатын кезеңі.

Пәнді қайтадан оқыту (Retake) - қорытынды бақылауда «Қанағаттанарлықсыз» («F») баға алған жағдайда пәнді қайта оқуы. «Қанағаттанарлықсыз» бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады. Мұндай жағдайда студент белгіленген тәртіп бойынша оқу пәніне жазылу рәсімінен қайта өтеді және ақылы оқиды.

Үлестіруге арналған белсенді материалдар (APM) (Handouts) - білімгердің білімге деген құштарлығының, ойлау қабілеттілігінің дамуына, ізденіс қабілеттілігінің қалыптасуына жағдай жасау мақсатында оларға сабақта үлестірілетін көрнекі және дидактикалық материалдар (лекция тезистері, мысалдар, өзіндік жұмыс тапсырмалары, глоссарий, т.с.с.)

Жалпы білім беру пәндер (ООД) (General Education Requirement (GER) - әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және жаратылыстану пәндер циклы.

Міндетті компонент (Core Subjects) - білімгердің мамандығына сәйкес типтік оқу жоспарындағы міндетті түрде өтілетін пәндер тізімі.

Пререквизиттер, постреквизиттер (Prerequisite, Postrequisite) – белгілі бір пәнді игеру алдында оқылатын және осы пәнді игергеннен кейін оқытылатын пәндер тізімі.

Пән жоспары (білімгерге арналған) (Syllabus) - пәндердің мақсаты мен міндетін, қысқаша мазмұнын, әрбір сабақтың тақырыбы мен ұзақтығын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийін, жұмысты өткізу кестесін және пайдаланатын әдебиеттер тізімін қамтитын жұмыс оқу бағдарламасы.

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – пәнді игеру жоспарында студенттің өзіндік жұмысы деп анықталған тақырыптар бойынша орындалатын жұмыстар. СӨЖ-ы әдістемелік нұсқаулармен, қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етіледі және студенттің білімін тексеруге арналған тесттер жүйесі, бақылау жұмыстар тапсырмалары, коллоквиумдар, шығармашылық жұмыстар, рефераттар тақырыбы беріледі.

Оқытушының басшылығымен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ) - аудиториядан тыс, сабақ кестесінде көрсетілген оқытушының жетекшілігімен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы.

Тьютор (Tutor) - сабақ жүргізетін және білім алушының академиялық кеңесшісі ролінде қызмет атқаратын оқытушы.

ПОӘК (Пәннің оқу әдістемелік кешені) – силлабустан, дәрістердің қысқаша конспектісінен, тәжірибелік, семинарлық және лабораториялық сабақтардың тапсырмаларынан, СӨЖ тапсырмаларынан, тақырыптар мен сабақ түрлері бойынша (кейстер, тапсырмалар жинағы, талдауға арналған мақалалар және т.б.) өзіндік жұмыстарға арналған оқу-тәжірибелік материалдардан тұратын оқу құралы.

Оқу жоспары - (Curriculum) оқылатын пәндер тізімін және реттілігін анықтайтын негізгі құжат.

Эдвайзер (Advisor) – білім алушыға академиялық мәселелер бойынша кеңес беретін маман дайындайтын кафедраның оқытушысы, оқытудың барлық кезеңінде білім траекториясын таңдауда және оқу бағдарламасын игеруде көмек көрсетеді. Топқа қатысты эдвайзер ұйымдастырушы, әдістемелік басшы, тәрбиеші, педагог-психолог.

Білім алушы – бакалавриаттың, магистратураның, PhD докторантураның, екінші жоғары білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын тұлғалар.

Оқыту формасы (Forms of training) – күндізгі, сырттай, ұзақтан оқыту.

Сабаққа қатысу мен үлгерімнің электрондық журналы – оқытушылардың бүкіл академиялық кезең бойы толтырып отыратын ХҚТУ-дың «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесіндегі on-line журналы.

Білім алушылардың **оқу жүктемесінің көлемі** оқу жылы бойында игерілетін кредиттермен өлшенеді. Университетте оқитын бүкіл кезең аралығында білім алушы мамандықтың мемлекеттік стандарты бекіткен қажетті кредиттер санын меңгеруі керек. Әдетте қажетті кредиттерді меңгеру төрт оқу жылы ішінде жүзеге асады. Әр мамандықтың оқу жоспарына пәннің

үш циклы кіреді: жалпы білім беру циклы, гуманитарлық және кәсіптік. Әр циклда міндетті компонент пен таңдауға негізделген компонент пәндерінің тізімі мен кредит саны бірге көрсетілген. Әр пән бір семестр бойы оқытылады, бірақ оқу жоспары пәндерді оқудың жүйелілігі және әр пәнді оқудағы пререквизиттерді қатаң есепке алу қағидаты негізінде құрылады.

Оқу жылы аралық бақылау, қорытынды бақылау (сессия), қорытынды аттестация (бітіруші курс үшін), тәжірибе мен демалыс күндері кіретін академиялық кезеңдерден (семестр) тұрады. Теориялық оқыту кезеңінің ұзақтығы жазғы семестрді қоспағанда 15 аптаға дейін.

Аралық аттестация кезеңі 2 аптадан кем болмау керек.

5 аптаға созылатын жазғы семестр өткізіледі, оған пәнді қайта оқу (Retake) кіреді, оның 4 аптасы теориялық оқытуға және 1 аптасы қорытынды бақылауға (сессия) арналады. Жазғы семестрде, әдетте, оқу бағдарламасы бойынша меңгерілмей қалған пәндер, сондай-ақ басқа мамандықтан, басқа ЖОО-нан ауысып келген білім алушылар үшін пәндер оқытылады.

Әрбір пән бойынша сабақтар және сабақ кестесін құру білім алушылардың пәнге тіркелу негізінде жүзеге асырылады. Білім алушы мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарында көрсетілген кредиттердің белгілі бір мөлшеріне тіркелуі тиіс.

Білім алушыны алдағы оқу жылына оқу пәндерін оқып-игеруге тіркеу кафедралардың, деканаттардың, эдвайзерлер мен тіркеуші офисінің нұсқаулық және консультативтік көмегімен жүргізіледі. Тіркеуді жүргізу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі.

Білім алушы өзінің жеке оқу траекторияларын эдвайзермен егжей-тегжейлі талқылағаннан соң пәнге тіркеу жүзеге асырылады, эдвайзер бекітілген жұмыс оқу жоспарларына және элективті пәндер каталогына сәйкес пәндерді таңдау мәселелері бойынша түсінік береді.

Университетке жаңа түскендер үшін мерзімдері академиялық кестеде көрсетілетін бағдарлау (ұйымдастыру) кезеңі ішінде кредиттік оқыту жүйесімен, пәнге тіркеу рәсімдерімен жалпы танысу жүзеге асырылады.

Бағдарлау кезеңінде әкімшілік өкілдерімен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Әрбір білім алушыға ID идентификациялық нөмірі (логин) беріледі, білім алушы сол бойынша жеке оқу жоспарын оқу пәндеріне on-line тіркеу жолымен тіркейді.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін білім алушылардың білімдерін бақылаудың келесі түрлері мен формалары қарастырылған:

- ағымдық бақылау;
- аралық бақылау;
- қорытынды бақылау.

Ағымдағы және аралық бақылауды өткізудің формасын пәннің ерекшелігіне байланысты оқытушы белгілейді. Ағымдағы және аралық бақылаулар коллоквиум немесе компьютерлік тестілеу, жазбаша бақылау жұмысы, білім алушылардың пікірсайыстарға, дөңгелек үстелдерге, іскери

ойындарға қатысуын бағалау, жағдаятты тапсырмаларды шешу және т.б. түрде жүргізіледі. Ағымдағы және аралық бақылау формасы туралы толық ақпарат пән бойынша жасалған силлабуста көрсетіледі және семестрдің алғашқы екі аптасында білім алушыларды хабардар етеді.

Оқытушы ағымдық және аралық бақылау және білім алушының ағымдағы бағасына сәйкес үлгерімінің барлық түрлерін жүргізеді (ағымдағы орташа арифметикалық бағасы және аралық бақылау). Сонымен қатар білім алушының оқудағы жетістіктері, орындаған тапсырмалары ережеге 100 балдық көрсеткішпен бағаланады.

Бағасын көтеру мақсатында аралық бақылау нәтижесін өзгертуге болмайды. Дәлелді себептерін (ауру, отбасылық жағдай, қызметіне байланысты) 3 күннің ішінде деканатқа хабар беріп, деканның өкімімен аралық бақылау немесе емтихан сессия мерзімін ұзартып, тапсыруына болады.

Сессияның ұзақтығы және емтихандардың саны мамандық бойынша бекітілген оқу жұмыс бағдарламасына және академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады. Соңғы емтиханды ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі деканға, оқу бөліміне, тіркеуші офисіне жүктеледі.

Білім алушының үлгерімі білімді бағалаудың балдық-рейтинг әріптік жүйесі бойынша жүргізіледі (1-кесте).

Білім алушылардың білімін бағалау 4.0 балдық шкала бойынша жүргізіледі.

Білім алушылар барлық емтихандарды пәннің оқу бағдарламасы бойынша бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына сай қатаң тәртіппен тапсырулары керек.

Қорытынды емтиханды өткізу барысында жақсы баға оқу пәні бойынша емтихан тізімдемесіне және білім алушының сынақ кітапшасына қойылады. F - «қанағаттанарлықсыз» бағасы тек емтихан тізімдемесіне қойылады.

Пән бойынша білім алушының қорытынды бағасы семестр кезінде алған аралық және қорытынды бақылаудың балдарын жинақтау жолымен құралады.

Пәннің қорытынды бағасының құрамына жіберу рейтингінің бағасы мен қорытынды бақылау бағалары кіреді. Ағымдық үлгерім бақылауының бағасы (жіберілу рейтингі) пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 60%-ын құраса, емтихандағы жоғары баға қорытынды бағаның 40%-ын құрайды.

Емтихан нәтижесін оқытушы тізімдемеге сай емтихан аяқталғаннан кейін 5 сағат ішінде «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесіне енгізеді.

ЖОО басшысының бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) апелляцияланатын пәндерге мамандығы сәйкес келетін оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады. Егер білім алушы қойылған бағамен келіспесе, емтихан нәтижесі шыққан күннің ертеңінен кешікпей пән бойынша бекітілген апелляциялық комиссияның атына апелляцияға өтініш бере алады. Апелляциялық комиссия 24 сағат ішінде

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмаған» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)	-	-	Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

өтінішті қарап, бағаны қайта қарау немесе бастапқы алған бағасын қалдыру туралы комиссия отырысының хаттамасын жазуы керек. Апелляциялық комиссия білім алушының жазбаша жұмысын немесе қабылданған ауызша емтихан нәтижесін қайта қарау негізінде шешім қабылдайды. Егер білім алушы апелляция нәтижесінде емтиханда алған бағадан төмен баға алса, онда ол транскриптке енгізіліп, GPA-ны есептегенде соңғы баға есепке

алынады. Оқу ісі жөніндегі вице-президент апелляциялық комиссияның шешімін бекіткеннен кейін тіркеуші офисі апелляция нәтижесін енгізеді.

«W», «AU», «F», «AW» бағаларын пәнді қайта оқып өзгертуге болады, бірақ олардың бәрі транскриптке өзгертілген бағамен енгізіледі, бұл кезде GPA соңғы алынған бағамен есептеледі.

«F» бағасын алған жағдайда, білім алушының пәнді қайтадан оқуға (Retake) құқығы бар. Пәнді қайтадан оқу тек ақылы негізде жүргізіледі.

Таңдау пәнінен «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушының белгіленген тәртіп бойынша осы пәнді қайта оқуына немесе осы блоктағы басқа пәнді таңдауына құқығы бар. Пәндерді ауыстыру эдвайзердің және тіркеуші офисінің келісімімен болады.

Егер білім алушы семестр ішінде аралық бақылаудан 30 балдан кем алмаса, емтиханға дәлелді себептермен (ауырғаны туралы құжаты студенттердің «Тұран» АИ орталығында куәландырылған болуы тиіс және т.б.) келе алмаған жағдайда, оған оқытушы «I» бағасын қоя алады. Білім алушы «I» бағасын алу үшін емтихан өткеннен кейін екі күннен кешікпей оқу ісі жөніндегі вице-президентке оқытушысы, факультет деканы, оқу бөлімінің бастығының визаларын қойып, емтиханға келе алмаған себептерін көрсетіп және осыны дәлелдейтін құжаттардың (анықтама) түпнұсқасын тіркеп, өтініш береді. Егер емтиханға келмегені оқу ісі жөніндегі вице-президент келісімімен дәлелді деп танылса, білім алушыға «I» бағасы қойылады.

Оқытушы «I» бағасын стандартты («A», «B», «C», «D») бағаларға келесі семестр басталған соң 30 күннің ішінде, білім алушы силлабустың барлық талаптарын орындаған жағдайда, өзгерте алады. «I» бағасын стандарт бағаға өзгерту үшін білім алушы оқытушыға кездесіп, орындау үшін берілетін жұмыстың көлемі мен түрін анықтауға міндетті.

Оқытушының емтихан тапсыру үшін ұсынған кестесіне (өзге де жұмыстар) сәйкес тіркеуші офисі «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйесіндегі бағаны өзгерту үшін емтихан парағын береді. Егер білім алушы көрсетілген уақыт ішінде барлық қойылған талаптарды орындамаса, тіркеуші офисі оқытушының қолы қойылған емтихан парағының негізінде «I» бағасын «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасына ауыстырады. «I» бағасын қойған оқытушы белгілі себептермен университетте болмаса, кафедра меңгерушісі «I» бағасын стандартты бағаға ауыстыруды басқа оқытушыға жүктейді. Егер білім алушы бағаны түзету мерзімі аяқталмай университеттен кетіп қалса, онда «I» бағасы транскрипте өзгеріссіз қалады.

«AU» бағасы қорытынды бағаны алмай-ақ пәнге қатысқысы келетін білім алушыларға қойылады. Мұндай пәнді өту Ахмет Ясауи университетінің белгіленген бағасы бойынша толық көлемде төленеді. Оқытылатын пәнге тыңдаушы ретінде тіркелген білім алушы ол туралы тіркеуші офисіне хабарлауы тиіс. Мұндай білім алушының емтихан тізімдемесіне автоматты түрде «AU» бағасы қойылады.

Оқу пәнінің тыңдаушылары ретінде Ахмет Ясауи университетінің білім алушыларымен қатар университетте білім алушы ретінде тіркелмеген, бірақ оқу ақысын төлеген тұлғалар да қатыса алады.

Білім алушы «Add/Drop» қайта тіркеу аяқталғанға дейінгі бірінші аптаның ішінде пәннен бас тартатын шешімін негіздеп факультет деканының атына өтініш жаза алады. Өтініш міндетті түрде эдвайзермен келісілуі тиіс. Мәселе оң шешілген жағдайда, деканның қолы қойылған өтініш тіркеуші офисіне жіберіледі. Білім алушының пән бойынша емтихан тізімдемесіне «W» белгісі қойылады. Бұл бағаны оқытушы өзгерте алмайды. Оқу пәніне төленген ақы білім алушыға қайтарылмайды.

Сабақ басталғаннан кейін 4 апта өткен соң білім алушы пәннен бас тарта алмайды, бас тартса, білім алушыға осы пән бойынша «F» бағасы қойылады.

«AU» мен «W» бағалары бар білім алушы несие ала алмайды.

«AU» мен «W» бағасы қойылған пәндер бакалавриаттың міндетті бағдарламаларына кірмейді және элективті пәндерді ауыстыра алмайды.

Егер білім алушы мемлекеттік білім беру стандартында қарастырылған жалпыға міндетті пәндерден бас тартса, онда ол аталған пән бойынша қосымша ақы төлеп, басқа кезеңге тіркелуге міндетті. Осы талап мемлекеттік білім беру грантымен білім алып жатқандарға да қойылады. Білім алушы пәнді оқудан академиялық себеп бойынша әкімшілік тәртіппен (Academic Withdrawal), «AW» бағасы қойылып шеттетілуі мүмкін. Пәннен әкімшілік тәртіппен шығарудың себептері мыналар:

- оқылып жатқан курсқа ешбір себепсіз жүйелі түрде қатыспау (36 сағат);

- жеке тапсырмаларды, СӨЖ/МӨЖ орындамау, жұмыстарды тапсыру кестесін тұрақты түрде бұзу, ХҚТУ-дың басқа да оқу ережелерін бұзу;

- ішкі тәртіп ережелерін бұзу.

Оқытушы академиялық себептер бойынша білім алушыны оқу пәніне босатуға болатын қосымша шарттарды силлабуста көрсете алады.

Міндетті пәндердің қатарына енетін пәндерден әкімшілік жолмен шығарылған жағдайда білім алушы оны тек ақылы түрде қайта оқи алады. Пәннен босату оқытушы немесе әкімшілік тарапынан жүргізіледі, тізімдемеде «AW» бағасы қойылып, ол білім алушының транскриптіне енгізіледі. Оқу пәніне төленген ақы қайтарылмайды.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны көтермелеу мақсатында қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

GPA деңгейіндегі балды жинаған білім алушы университет президентінің бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі. Курстан курсқа көшірілу үшін талап етілетін GPA балы оқу жылының басында факультеттің Ғылыми кеңесінде белгіленеді. Белгіленген GPA балын жинамаған білім алушы курсты ақылы түрде қайта оқуға қалдырылады. Курсты қайта оқуға қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспарымен оқуға немесе белгіленген тәртіп бойынша жасалған жаңа жеке оқу жоспарын құруға құқылы.

Білімгердің GPA (орташа балл) есептеу әдістемесі. GPA - бұл білімгердің орташа балл бойынша үлгерімінің бағасы. Білімгердің академиялық үлгерімінің бағасының орташа балы оның танымдық және шығармашылық

белсенділігін ынталандыруы, оқу үрдісін жоспарлауға, оның нәтижелілігінің жекеше талдауын жасауға мүмкіндік береді. GPA (Grade Point Average) бағалары – бұл «А», «В», «С», «D» және «F», сонымен қатар «+» және «-» белгілерімен белгіленеді.

Білімгердің таңдап алған оқу бағдарламасы бойынша академиялық үлгерімінің деңгейі орташа балл - GPA түрінде бағаланады, ол пән бойынша қорытынды баға мен кредит көбейтулерінің қосындысының (сандық түрде) оқудың ағымдық кезеңіндегі кредиттер қосындысына қатынасы.

GPA келесі теңдеу арқылы есептеледі:

$$GPA = \frac{E_1 k_1 + E_2 k_2 + \dots + E_n k_n}{(k_1 + k_2 + \dots + k_n)}$$

мұнда $E_1, E_2, \dots, E_n$ (1,2,... n) – пәндердің сандық түрдегі қорытынды бағасы;

$k_1, k_2, \dots, k_n$ (1,2,... n) – пәннің кредиті.

GPA балын есептеудің мысалы:

Пән	Кредит саны	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент
1. Қазақстан тарихы	3	A	4,0
2. Информатика	3	B+	3,33
3. Ағылшын тілі	2	B-	2,67

Қазақстан тарихы $4,0 \times 3 = 12$

Информатика $3,33 \times 3 = 9,99$

Ағылшын тілі $2,67 \times 2 = 5,34$

Туындылардың қосындысы $= 12 + 9,99 + 5,37 = 27,33$

Кредиттің жалпы саны $= 3 + 3 + 2 = 8$

GPA = Туындылардың қосындысы/кредиттің жалпы саны $= 27,33/8 = 3,42$

GPA бағасы семестр қорытындылары, жыл қорытындылары немесе бүкіл оқу мерзімі қорытындысы бойынша есептелінсе болады.

Оқудың соңғы этапы - мемлекеттік қорытынды аттестация, ол білімгердің мамандыққа сәйкестігін анықтайды.

Талап етілетін GPA балын жинап келесі курсқа көшірілген білім алушы академиялық қарызы болған жағдайда оқу пәндерін тек ақылы түрде ғана қайта оқи алады.

Оқудың қайталау курсына қалдырылған білім беру грантының иегері болған білім алушы білім беру грантынан айрылады да, ары қарай оқуды тек ақылы түрде жалғастыра алады.

Білім беру грантының иегері болған білім алушы GPA-ның көшіру балын жинағанда және келесі курсқа академиялық қарызбен көшірілгенде

білім алушы білім беру грантынан айрылмайды. Мұндай жағдайда олар қарызы бар оқу пәнін тек ақылы түрде қайта оқи алады және олардан емтихан тапсырады. Мамандықтар кестесіндегі бір кредиттің бағасын қаржылық-экономикалық жұмыстар жөніндегі департаменті анықтайды.

Шпаргалканы (қағаз немесе электронды түрде, телефон байланысы арқылы) қолданған жағдайда пән бойынша қорытынды бақылауда бағасы «F» қойылады.

Тәжірибені ұйымдастыру және өткізу. Ахмет Ясауи университетінде білім алушылардың негізгі және міндетті тәжірибесіне – оқу, педагогикалық, өндірістік, ғылыми-зерттеу түрлері жатады. Тәжірибені ұйымдастыру барлық кезеңде білім алушының мамандықты түбегейлі игеруіне, бітірушінің өз кәсібін жоғары деңгейде білуіне, яғни кәсіби дағдыны меңгерудің реттілігін және үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Тәжірибеден өтуші тәжірибесінің нәтижесі жазбаша есеп беру түрінде рәсімделеді және кафедра комиссиясында қорғалады. Білім алушының тәжірибені өткізу нәтижесінің бағасы теориялық білімінің бағасымен теңестіріледі, тәжірибе бағасы шәкіртақы тағайындау мәселесінде және жалпы GPA есебінде, сонымен қатар курстан курсқа көшірілуде ескеріледі.

Университет білім алушыларына берілетін жеңілдіктер.

Университетте ақылы негізде оқитын білім алушыларға әр оқу жылында 2 рет бас қосатын комиссия отырысында тұл жетім, жартылай жетім білім алушыларға және отбасылық жағдайы төмен оқу үлгерімі өте жақсы білім алушылардың қажетті құжаттары жиналып, ережеге сәйкес жеңілдіктерге ұсынылады және босаған квота орындарына конкурс негізінде ауыса алады. Сондай-ақ университет Өкілетті Кеңесінің шешімімен университетімізді алғашқы кезекте таңдаған ең жоғары ҰБТ балдарын жинаған тізімдегі бірінші студентке 9 ай бойында қосымша ай сайын 75 АҚШ доллары көлемінде төлемақы беріледі.

Университет ішінде ауысу, қайта қабылдау және білім алушыны университеттен шығару. Университетте білім алушылардың бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа ауыстыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №110 қаулысымен бекітілген, ҚР Үкіметінің 10.04.2013 № 328 қаулысымен өзгерістер енгізілген ережеге сай жүргізіледі. Күндізгі оқу нысанында білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін білім беру ұйымының басшысы қысқы демалыс кезеңінде (1-15 қаңтар аралығында, медицина мамандықтарында 1 ақпанға дейін) және жазғы демалыс кезеңінде (1 шілдеден 25 тамыз аралығында) қарастырады. Сырттай оқу нысанында білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін білім беру ұйымының басшысы қабылдаушы білім беру ұйымының кезекті емтихан сессиясы басталғанға дейін бір ай бұрын қарастырады.

Білім алушыға ақылы бөлімнен мемлекеттік грантқа ауысуы оқу бойынша жоғары көрсеткіш болған жағдайда және ҚР БҒМ талаптарына сәйкес вакантты орындар болған кезде рұқсат етіледі. Ахмет Ясауи университетінің студенті мынадай жағдайда университеттен шығарылуы мүмкін:

- өз еркімен;
- басқа оқу орнына ауысуына байланысты;
- оқу тәртібін бұзғандығы үшін (қайта оқу курсы үшін ауысу бұйрығының бекітілген мерзімінде немесе ақылы негізде пәнді қайта оқу үшін оқу ақысын төлемегендігі үшін);
- университетпен байланысын үзгендігі үшін, оқу сабақтарын дәлелсіз себептермен үздіксіз жіберу (жіберілген сағат саны 20%-дан көп болса), академиялық демалыс мерзімі біткеннен кейін немесе шетелдік іссапардан соң ұзақ мезгіл сабаққа қатыспауы (екі апталық мерзімде);
- университеттің Жарғысы мен ішкі тәртіпті бұзғандығы үшін (сабаққа мас күйінде келуі немесе сабақта спирттік ішімдіктерді пайдалануы, университет қабырғасында құмар ойындар ойнауы, университет мүлкін бүлдіруі, жатақханада тұру тәртібін бұзғандығы үшін, университетте қоғамға қарсы қылығы үшін, ауыр зардаптарға соқтыратын еңбек және өрт қауіпсіздігін бұзғандығы үшін);
- университетте «Студенттердің тәртіп сақтау» регламентіндегі оқудан шығарылатын пунктерінде көрсетілген тәртіп бұзғандығы үшін.

Білім алушының қорытынды аттестациясы. Білім алушылардың қорытынды аттестацияға жіберілуі қорытынды аттестацияның басталуынан екі апта бұрын студенттердің тізімі бойынша факультет деканы өкім береді және МАК-қа ұсынылады. Диплом жұмысын рецензиялау өзге ұйымдардың сыртқы мамандары арқылы ғана жүзеге асырылады, яғни қорғалған жұмыс бағыты жоғары біліктілікке сай болуы қажет. Диплом жұмысын қорғау МАК-тың ашық мәжілісінде өткізіледі. Мемлекеттік емтиханды тапсыру мен диплом жұмысын қорғау нәтижесі сол өткізілген күні жарияланады. Бағаны жоғарылату мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға және диплом жұмысын қайта қорғауға рұқсат берілмейді. Емтихандарды және дифференциалды сынақты А, А- – «өте жақсы»; В+, В, В- – «жақсы» бағаларға тапсырған және оқудың барлық кезеңінде орташа үлгерім балы (GPA) 3,5-тен төмен болмаса, сондай-ақ мемлекеттік емтихандарды және дипломдық жұмысты А, А- – «өте жақсы» бағаға қорғаған білім алушыға үздік диплом беріледі. Егер білім алушы оқу кезінде емтиханды қайта тапсырса, осы ережелердің талаптарына сәйкестігіне қарамастан, үздік диплом ала алмайды. Қорытынды аттестациядан өткен және жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергендігі дәлелденген білім алушыға МАК-тың шешімімен тиісті мамандығына сәйкес «бакалавр» академиялық дәрежесі тағайындалады және мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен беріледі.

Егер «F» «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда қорытынды аттестацияның сол кезеңінде мемлекеттік емтихандар немесе диплом жұмысын қайтадан қорғауға рұқсат етілмейді.

Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері. Әр білімгер өркениетті қауымдағы еркін адамның барлық негізгі құқықтарын қолдана алады және басқа адамдардың құқықтарымен санаса білу керек.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ білімгерлерінің құқықтары:

- мемлекеттік жалпыға бірдей стандартына сәйкес білім алуға құқылы;
- келісім шарт негізінде ақылы түрде қосымша білім алуға құқылы;
- адам қасиеттерін қадірлеуге, өз көзқарасы мен пікірлерін еркін айта білуге, жиналыстарға ашық түрде қатысуға, бұқаралық ақпараттарда еркін шығуға және саясатты таңдауының еркін болуына құқылы;
- оқу процесін ұйымдастыруға тиісті емес өзі туралы мәліметтерді университет әкімшілігіне беруге міндетті емес, егер де ол мәлімет оның өзіне және жақындарына қауіпті болса;
- білімгер туралы Университетте жинақталатын мәліметтердің конфиденциалды болуына құқылы;
- әр білімгер оған қойылатын кінәға әділ шешім шығарылатынына сенімді болуы керек, сонымен қатар өзінің кінәлі емес екенін дәлелдеуге құқылы;
- әр білімгер ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуына байланысты мәселелердің уақытылы және әділ қарастырылуына құқылы;
- кез келген конфликтілі жағдайлар бойынша (қойылған бағамен келіспеушілік, университет ережелерін бұзу туралы қойылған кінәмен келіспеушілік және т.с.с.) университеттің комиссиясына шағымдануға құқылы;
- университеттің кітапханаларымен, ақпараттық қорымен оқу, ғылым, емдеу тағы да басқа бөлімшелердің қызметтерімен ақысыз пайдалануға құқылы;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерінде, конференцияларда, байқаулар мен олимпиадаларда, өз еңбектерінің қорытындыларын ашық баспада жариялауға құқылы;
- оқыту сапасы туралы пікірлерін және сапасын жетілдіру туралы ұсыныстарын айтуға құқылы;
- білімгерлердің өзін-өзі басқару органдарын және білімгерлік қоғамдық бірлестіктерін құруға құқылы;
- университеттің, факультеттің басқару органдарына сайлау және сайлануға құқылы;
- заңдастырылған тәртіп бойынша оқуды қайта жалғастыруға және басқа ЖОО-ға ауысуға, бір мамандықтан екіншісіне ауысуға құқылы.

Білім алушылардың міндеттері:

- университеттің ішкі тәртіп Ережелерін сақтап, орындау;
- білімгердің Ар Кодексінің талаптарына сай болу;

- таңдалынған бағыттағы теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды толық меңгеру;
- білімгер жеке оқу жоспарын деканатқа уақытылы тапсыру керек (бірінші курс білімгерлеріне 10 қыркүйекке дейін, ал жоғары курс білімгерлеріне жазғы семестр соңында пәндерді таңдау);
- оқу пәндері бойынша өзіндік жұмысты орындау;
- сабақты жібермей және уақытылы келу;
- денсаулығына байланысты сабақтан қалған жағдайда білімгер деканатқа медициналық анықтаманы уақытылы өткізу керек;
- университеттің инвентарын, оқу-әдістемелік құралдарын ұқыпты қолдану;
- мәдениетін және кәсіптік біліктілігін жетілдіруге міндетті;
- оқуға білімгерге тән киіммен келу;
- сабақ кезінде тамақ-сусын ішуге, телефонмен сөйлесуге болмайды;
- оқу үрдісіне және оқудан тыс шараларға жауапкершілікпен қарау;
- оқытушылар және курстастарын сыйлай білу керек.

Білімгерлер өз денсаулығына қарауға міндетті, сонымен бірге рухани байлығын көтеруге және салауатты өмір сүруге ұмтылуы керек. Міндеттерін орындамаған білімгерлерге тәртіп сақтау ережелеріне сай шаралар қолданылады.

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «БІРЫҢҒАЙ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН» ЖҮЙЕСІ

Білім порталы инновациялық жобасының іске қосылуы студенттердің, ата-аналардың емтихандар кестесін, рейтинг нәтижесін және аттестаттауды көруіне толық мүмкіндік береді. Ахмет Ясауи университетінде оқу үдерісін басқаруға мүмкіндік беретін ақпараттық инфрақұрылым «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйе жұмыс жасайды. «Бірыңғай автоматтандырылған» жүйе студенттерге, оқытушыларға, әдіскерлерге, оқу және әдістемелік бөлімдерге, басшылыққа кіруге болады.

Бұл жүйеде студент мынадай мүмкіндіктерге ие:

- жаңалықтар мен хабарландыруларды көру;
- элективті пәндер каталогына кіру;
- мамандықтың оқу жоспарын көру;
- пәндердің оқу-әдістемелік материалдарына кіру;
- ағымдық және қорытынды аттестацияны көру;
- эдвайзер және оқытушылар туралы ақпаратты көру;
- әр оқу жылына GPA балын көру және т.б.

Сонымен қатар студенттердің ата-аналары өз балаларының оқудағы үлгерімін бақылай алады. Студенттердің кез келген уақытта оқу ғимараттарында орналасқан Ақпараттық киосктерден өздеріне қажетті мәліметті көріп біледі.

Тіркеуші офісі студентті тіркеумен, студентті оқу пәндеріне қайта тіркеумен, студенттің жеке оқу жоспарын бақылаумен, студенттің аралық және қорытынды бақылау өткізумен, студенттің академиялық үлгерімін жазып сақтау және ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады.

СТУДЕНТТІК ӨМІР

Жоғары оқу орнында оқыған немесе оқитын әрбір білім алушы биография беттерінде ең жарық, қызықты кезеңдері өтеді. Жастық шаққа толы әрекеттің асқан қайратымен, қызу қаныққан өмірімен, білімдерін жинақтап және әлемдегі жетістікке жетуге ұмтылады.

Білім алушы көптеген жетістіктерге жету үшін біздің университетте оларға барлық жағдай жасалған. Ахмет Ясауи университетіндегі білім алушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл өз бетінше қоғамға айрықша мән беріп, алдына қойған мақсаттары мен міндеттерінің ұжымдық қызметтерінде жүзеге асуына ат салысады. Студенттің өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру академиялық топ деңгейінде және факультетте құрылады.

Спорттық сауықтыру кешені. Университетімізде жастарды салауатты да, дені сау етіп тәрбиелеу жұмысы жүйелі жүргізіледі. Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыруы үшін спортклуб бөлімінде 13 спорттық секция



жұмыс істейді, оған 669 студент қатысады. Олармен 5 аға бапкер оның ішінде екеуі ҚРЕСЖ, 4 бапкер және 3 спорт нұсқаушылары жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Студенттер арасында факультетаралық спартакиада әр семестр сайын ұйымдастырылады.

«Ұлт денсаулығы – табысты

болашағымыздың негізі» атты оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасындағы дәстүрлі спартакиадада оқу жылында 2 рет ұйымдастырылады.

Кафедрадағы үйірме мен клубтар. Факультет кафедраларында үйірме мен клубтар мүдделеріне қарай құрылған:

- Ғылыми – кәсіптік,
- Саяси- қоғамдық,
- Мәдени- бұқаралық,
- Тілдік.

Білім алушылар кафедрадағы кез келген үйірмеге немесе клубқа эдвайзерлер арқылы жазыла алады. Университетте студенттер үшін құрылған: Тәрбие кеңесі, Мәдениет орталығы, Продюсерлік орталығы, Жастар ұйымы, Спортклуб, жатақхана дирекциясы, деканаттар, өнер үйірмелері, студенттік клубтар, студенттік ректорат, студенттік театр, студенттер Альянсы, Жас отан, студенттік деканат, спорт үйірмелері жұмыс атқарады.



Қазақстандық патриотизм – көп ұлтты халқымызды бір мақсатқа топтастырып отырған ерекше құбылыс. Осы тұрғыда университетте Тәрбие кеңесі «Патриоттық тәрбие беру моделін іске асыру түрлері мен құралдары» атты бағдарлама жұмыс атқарып келеді. Жас ұрпақтың тәрбиесіне қойылатын жаңа заман талабы – ол өз Отанын, елін

құрметтейтін, өзін-өзі жетілдіру арқылы өмірлік мақсаттарына жете алатын, адамгершілік құндылықтарды қастерлейтін тұлғаны қалыптастыру үшін тәрбие үдерісін ұйымдастыруды кешенді түрде қарайды. Университеттің тәрбие және ұйымдастыру бағыты бойынша жұмыс атқаратын барлық бөлімдердің, факультеттердің, топ тәлімгерлерінің атқаратын тәрбие жұмыстары сапалы әрі патриоттық тәрбие беру бағыты бойынша Жастар саясаты саласында әлеуметтік-саяси, экономикалық, этносаралық байланысты дұрыс қалыптастыру және мемлекеттік саясатты түсіндіруге бағытталған іс-шараларды өткізу кеңінен қамтылған.




Продюсерлік орталық. Университетімізде мереке күндердегі іс-шаралардың өткізілуі және талантты студенттерді өнерге баулып жарыққа шығару - негізгі мақсат. Университетіміздің Мәдениет орталығында өткізіліп жатқан мерекелік бағдарламалардың барлығы осы орталықтың сараптамасынан өткізіліп сахнаға шығарылады.

Жатақхана дирекциясы. Университетіміздің студенттері жатақханамен қамтамасыз етіледі және жатақханадағы мәдени іс-шараларды жоспар бойынша атқарады. Жатақхана дирекциясы Студенттік ректоратпен тығыз қарым қатынаста жұмыс жасайды. Студенттік ректоратта Жатақхана проректоры бар.

Жастар ұйымы және Студенттік ректорат. Жастар ұйымы - мемлекеттік жастар саясатын жүргізе отырып, студенттердің оқу-тәрбие, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарымен айналысады. Ұйымның негізгі мақсаты - жастардың қоғамдық өмірге белсенділікпен араласуы, қоғамның жастар туралы көңілге қонымды, объективті пікірінің қалыптасуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, жастардың лидерлік қабілеттерін арттыру бағытында жұмыс жасайды. Жастар ұйымында төраға және маман қызмет атқарады.

Студенттік ректорат - студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі негізінде құрылып, барлық факультеттердегі студенттердің арасынан белсенді болып, сайлау арқылы өз факультет студенттерінің қолдауына ие болған студенттердің бірлестігі. Студенттік ректорат Тәрбие кеңесінің барлық құрылымдарымен бірлесе отырып жұмыс атқарады.

УНИВЕРСИТЕТ ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ҚАЛА АУМАҒЫНДА ОРНАЛАСУ КАРТАСЫ



ТҮРКІСТАН - 2013
WWW.YESEVI.EDU.KZ